

«Абай атындағы №2 мектеп - лицейі» КММ-нің
Қамқоршылық кеңесінің
№2 ХАТТАМАСЫНЫҢ КӨШІРМЕСІ

Балқаш қаласы

«3» қазан 2024 жыл

Өткізілген орны: онлайн ZOOM конференциясы арқылы
Төрағасы: Д.А. Қожақов - қалалық мұражайдың аға ғылыми қызметкері
Хатшы: А.М. Каденова – ДТЖЖО
Қатысқан кеңес мүшелері: 7 адам.
Қатыспаған кеңес мүшелері: 2 адам (белгілі себептермен)
Шақырылған қатысушы: әлеуметтік педагог С.А. Ожанова

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға арналған перспективті ас мәзіріндегі кейбір мәселелер бойынша.

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.А. Қожақов: Бүгінгі күн тәртібіне көшеміз. «Балқаш қаласының білі бөлімі» ММ-і оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға арналған екі апталық перспективті ас мәзірін білім беру ұйымдарына ұсынады. 2024-2025 оқу жылына арналған перспективті менюді назарларыңызға ұсынамын. *Қосымша №1.*

Д.А. Қожақов: Осы тұрғыда сөз кезегін ДТЖЖО Ожанова Сая Ақуовнаға беремін.

С.А. Ожанова: Құрметті кеңес мүшелері! Оқу жылының алғашқы күндерінде мектеп-лицейдің бракеражды комиссиясы асхананың қызметін бақылап келді. Бақылау барысында бірқатар оқушылар үшін тиімсіз сәттерді айқындады. Анықталған тиімсіз жағдайларды назарларыңызға ұсынамын.

№	Орналасқан күндер		Өзгертуге ұсынымдар		Себебі
	Апта	Күні	Мәзірде бар	Алмастыруға ұсыныс	
1	2 апта	4 күн	Балық сорпасы	Күріш пен тауық етінен жасалған сорпаға	Балық сорпасын оқушылардың 75 пайызы ішпейді, қоқысқа кетіп жатыр. Есесіне оқушылар тойып тамақтанбайды. Бұдан бөлек 1 аптаның 4 күнінде балықтан жасалған котлет беріледі. Котлетті оқушылар сүйсініп жейді.

Ұсыныс: 2 аптаның 4 күнінде берілетін тауық сорпасын күріш пен тауық етінен жасалатын сорпаға алмастыруды ұсынамын.

Кім қолдайды? - 7 адам.

Қарсы? - Жоқ

Қалыс қалды? Жоқ.

Шешім:

1. Абай атындағы №2 мектеп-лицейдің перспективті ас мәзіріне төменде көрсетілген өзгертуді енгізуге келісім берілсін:

- 2 аптаның 4 күнінде берілетін балық сорпасы күріш пен тауық етінен жасалған сорпаға алмастырылсын.

2. Шешімнің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог С.А. Ожановаға тапсырылсын.

Кенес төрағасы



Д.А. Қожақов

Кенес хатшысы



А.М. Каденова